

«New Life» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында «**New Life**» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: өнер және дизайн саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдарындағы білім алушыларының шығармашылық пен қиялға қызығушылығын ынталандыру;

- қоршаған ортаға қамқорлық таныту, экологиялық мәдениетін арттыру;

- білім алушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру, ғылыми-техникалық жұмыс саласында өз жетістіктері арқылы мемлекеттің жетістіктеріне қол жеткізуге ұмтылу;

- дарынды жастардың әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауына қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы **14 мамырға дейін** new_life_konkurs@mail.ru электрондық поштаға қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **14 мамырдан** кейін түскен және Ережеге сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылардың сертификаттары www.ziyatker.org сайтында 2016 жылғы **23 мамырда** орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («**New Life**» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін **1500** (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(резидент).

БИН 990140004733

ИИККЗ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: «**New Life**» байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін new_life_konkurs@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) өтінімді 1-қосымшадаға нысанға сәйкес;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын);
- 3) байқауға қатысатын жұмыстардың фотосуреттерін;
- 4) 2-қосымшаға сәйкес жұмыстардың қысқаша мазмұнын.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының **18** жасқа дейінгі білім алушылары қатыса алады:

бірінші жас санаты: 6 жасқа дейінгі балалар;

екінші жас санаты: 7-10 жаста;

үшінші жас санаты: 11-14 жаста;

төртінші жас санаты: 15-17 жаста.

11. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1. **«Сиқырлы өзгерістер»**. Қажет емес табиғи материалдардан, матадан (кенеп қап, зығыр, жіп, брезент, қағаз, шілтер, тоқыма бау, қабықша, сым және т.б.) жасалған киім үлгісі. Киім үлгісі бас киіммен және әшекей бұйымдарымен толықтырылуы мүмкін.

2. **«Қазақстан табиғатын сүйіп, қорғап біл»**.

Қажетсіз материалдардан балалар қолдан жасаған тұрмыста қолдануға жарайтын бұйымдар.

Байқау жұмыстарына қойылатын жалпы талаптар:

- киім үлгісін немесе қолөнер жұмысын дайындау барысындағы кезеңдік jpeg форматындағы 3 фото суреттері.

- «Эврика» ғылыми-танымдық клубына жариялау үшін жұмыстың тезисі 1 беттен артық болмауы керек.

Байқау жұмысының мәтіндік сипаттамасы электрондық түрде, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, А4 форматында және сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см, жоғарғы және төменгі жақтары - 2 см, мәтіндік редакторы

Word (кем дегенде Word 97), Times New Roman, №14 қаріп, 1 жоларалық интервал ұсынылады.

Байқау жұмыстары ата-аналардың көмегінсіз орындалуы керек.

Байқау жұмысының титул парағын және тезисті ресімдеу үлгісі 2-қосымшада көрсетілген.

12. Байқау жұмысын бағалау өлшемдері:

- байқау жұмыстарының мазмұны тақырыпқа және Байқау номинациялары бойынша талаптарға сай орындалуы;

- дизайны;

- аталу ерекшелігі;

- шығармашылық және жасампаз ойлау қабілеті;

- байқау жұмысын ресімдеу ұқыптылығы мен жарасымдылығы;

- байқау жұмыстарын ресімдеу барысында талаптарға сәйкестігі.

13. Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады.

14. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтындағы «Эврика» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс (сілтеме бойынша <https://vk.com/evrikakz>).

15. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбаған болуы қажет.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша Әділқазы мүшелері байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқаудың жеңімпаздарын дайындаған жетекшілер алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 72 98 99** («New Life» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі: www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «New Life» байқауы → әрі қарай.

1-қосымша

Республикалық интернет-байқауына қашықтықтан қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс, аудан (ауыл), қала	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аты, жұмыстың номинациясы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8

2 қосымша

Жұмыстың қысқаша толтыру үлгісі

Байқау **«New Life»**
Номинациясы **«Волшебные превращения»**
Жұмыстың аты «Көктем көңілі» қатқыл матадан жасалған киімнің моделі
Муслимова Жадыра Өмірзаққызы
Руководитель: Петрова Нина Ивановна технология пәнінің мұғалімі
Павлодар облысы, Щарбақты ауданы, Щарбақты ауылы
КММ №1 ОМ, 5 сынып
Жұмыстың қысқаша мазмұны...

Фото1

Фото2

Фото3